

Орман қоры жерінің жекелеген учаскелерін басқа санаттағы жерге ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 27 мамырдағы N 462 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 130-бабына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 51-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Жалпы алаңы 83,79 га мынадай жер учаскелері орман қоры жерінен өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жерлері және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жер санатына ауыстырылсын:

ормандар мен жануарлар әлемін қорғау жөніндегі "Ақкөл" мемлекеттік мекемесі 34,8 га (оның ішінде 9,5 га - ағаш өскен, 25,3 га - ағаш өспеген);

ормандар мен жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Бұланды мемлекеттік мекемесі 44,94 га (оның ішінде 27,67 га - ағаш өскен, 17,27 га - ағаш өспеген);

ормандар мен жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Ұрымқай мемлекеттік мекемесі 4,05 га (ағаш өскен).

2. Ақмола облысының әкімі заңнамада белгіленген тәртіппен А-1 "Астана - Петропавл, Көкшетау қаласы арқылы" республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолының 7-230,3 км "Астана - Щучинск" учаскесін қайта жаңартуға осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскелерін "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көлік инфрақұрылымын дамыту комитетінің Ақмола облыстық басқармасы" мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - мемлекеттік мекеме) тұрақты жер пайдалануға беруді қамтамасыз етсін.

3. Мемлекеттік мекеме орман алқаптарын оларды орман және ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсатта пайдалану үшін алудан туындаған орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық бюджет кірісіне өтесін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі